

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1385 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы 3-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларына және 4-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Смета бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражатты үнемдеу есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) атауында және 1-тармақта:

"үнемдеу" деген сөз алынып тасталсын, "қаражатты" деген сөз "қаражат" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Смета бойынша" деген сөздер "Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспеде "4-тармағының 2) тармақшасына" деген сөздер "3-тармағының 1) тармақшасына, 4-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларына және 4-1-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Смета бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражатты үнемдеу есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесінде:

атауында:

"үнемдеу" деген сөз алынып тасталсын, "қаражатты" деген сөз "қаражат" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Смета бойынша" деген сөздер "Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу бюджеттік бағдарламаны, (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

1-2. Мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне сыйлық беру мемлекеттік орган басшысы - республикалық бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) әкімшісі не оны алмастыратын тұлғаның шешімі бойынша жүргізіледі деп белгіленсін.";

8 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "(ата-анасының, зайыбының, аға-інісінің, әпке-сіңлісінің, балаларының)" деген сөздер "(зайыбының, ата-анасының, балаларының, асыраушыларының, асырап алынғандарының, толық туысты және толық туыс емес ағалары мен әпкелерінің, аталарының, әжелерінің, немерелерінің)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшада "зиян келтіру" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) қызметкердің зейнеткерлікке шығуы";

12-тармақта "жеке және жиынтық сметаларына" деген сөздер "бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарларына" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" - қосымша ақшалай төлемдер . " ;

мынадай мазмұндағы тараумен және 15-тармақпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар орталық аппараттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген қаражат есебінен сыйлықақы төлеу тәртібі

15. Сыйлық берудің мөлшері мен мерзімділігін тиісті органды ұстауға арналған бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспарына сәйкес тоқсандар бөлігінде тең үлестермен орталық мемлекеттік органның басшысы - бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) әкімшісі белгілейді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі